

Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2003 жылғы 4 ақпан N 16-ө

Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту әрі Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайдың Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 11-13 ақпандағы Алматы қаласындағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайдың Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 11-13 ақпандағы Алматы қаласындағы ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекеті ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекеті ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайды Алматы қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекеті Президентінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуын және ұшып шығуын;

Алматы қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Алматы қаласының әкімі Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Алматы қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 4 а қ п а н д а ғ ы
N 1 6 ө к і м і н е
қосымша

Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің ресми делегациясы мүшелерін орналастыру және оларға қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекеті ресми делегациясының мүшелерін (1+10 схемасы бойынша) Алматы қаласында "Риджент Алматы" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Риджент Алматы" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар) дайындау.

4. Делегация басшысына - сыйлық және ресми делегация мүшелеріне кәдесыйлар с а т ы п а л у .

5. Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің ресми делегациясын Алматы қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Х.Карзайдың құрметіне Алматы қаласында р е с м и қ о н а қ а с ы ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Ресми делегацияның мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

8. Келіссөздер өтетін залды техникалық безендіру (мемлекеттік жалаулар, гүлдер).